

Қалалық білім бөлімі
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы



**«Ойна да ойлан» бағдарламасының ортаңғы
тобына арналған перспективалық жоспары
2021-2022 жыл**

Атырау қаласы

Түсіндірме

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

«Ойна да ойлан» бағдарламасы жаратылыстану-математика бағытын қамтиды.

Жаңалығы: Мектепке дейінгі білім берудің мазмұндық аспектілерін баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша бағдарлама.

Өзектілігі: «Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігі» (ҚР-да білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Ерекшелігі: Қарапайым математикалық түсініктерді балаларға бақылау, салыстыруды үйретеді; зейін, ой, ес, шапшаң т.б. психикалық сапаларды, тапқырлық, зеректік, есептеу т.б. математикалық қабілеттерін дамытады; баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жастағы, қоршаған ортасын жаңа танып келе жатқан, балаларды қарапайым математикалық түсініктермен, қоршаған орта және айналамен таныстыруға арналған. Бағдарламада жоспарланған тақырыптар балаларды алған білімдерін функционалды және шығармашылықпен қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдеріне белсенді қатысу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның басты мақсаттары: Математикалық ұғымдарды қолдану және әзірлеу арқылы мектепке дейінгі жастағы балаларды қарапайым математикалық түсініктермен, қоршаған орта және айналамен таныстыру; жеке тұлға етіп жан-жақты тәрбиелеу.

Міндеттері:

— Мектепке дейінгі балаларға жас ерекшелігіне қарай санауды, заттың түсімен, пішінімен, көлемімен таныстыру, заттардың сипаттамалық белгілерін қабылдауды жетілдіруге бағытталған;

— Балалардың сөздігін толықтыру, дыбысты дұрыс айтуларын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуді, өз ойын дұрыс айта білуді дамыту;

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Әдістемелік әдіс-тәсілдер. | Көрнекіліктер |
|---|--|--|---|--|
| | Қыркүйек айы Тауық пен балапандар. | Заттардың «бір немесе көп» ,«біреу , бірде біреуі жоқ» сөздерін мағынасына қарай бөлуді үйрету. Кеңестікте заттарды әрқалай орналастыруға түсіндіру. Оң мен сол жағын табуды үйрету. | Ғажайып сәт : «Шөжелерім» әні Ауладағы үй құстарын бейне баяннан көрсету. Кіріспе әңгіме: «Тауық пен балапандар» Дидактикалық ойын: «Оң және сол» | Кішкене тауық пен балапандар. |
| | Айша әжеге қонаққа келу. | «Бір» және «көп» ұғымдарын бекіту. Заттарды оң қолымен заттарды солдан оң жаққа орналастыруды үйрету. «Таңертең , кеш » тәулік бөлігін ажыратуды үйрету. | Ғажайып сәт : Қонаққа әже келуі -оң қолмен сол қолды ажырату «Тәулік мезгілі» бейне таспа Дидактикалық ойын: «Бір жіпке көп моншақ жинау» | Үлкен және кішкентай жолақтар. |
| | Қазан айы . Жылы жаққа ұшқан құстар. | Балаларды жаңа геометриялық пішін шаршымен таныстыруды жалғастыру. Пішінді сезу қозғалыс жолымен зерттеуге жаттықтыру. Заттардың пішінін анықтауды бекіту. Геометриялық пішіндерді кеңістікке бағдарлау. | Құстар бейне баяны Кіріспе әңгіме , түсіндіру. -геометриялық пішіндермен жұмыс. -кеңістікті бағдарлау Дидактикалық ойын: «Өз үйшігінді тап» | Шаршы және үлестірмелі пішіндер. |
| | « Дәу мен Алдар Көсе» ертегісі желісімен | Балаларға «Ұзын – қысқа» « үлкен- кіші» ұзындықтары бойынша екі затты салыстыру әдісімен таныстыру. Геометриялық пішіндерді кеңістікте бағдарлауды жалғастыру. Геометриялық пішінге ұқсас топтағы заттарды табу. | « Дәу мен Алдар Көсе» ертегісі мультсериалын көру -«Ұзын – қысқа», -« үлкен- кіші» ойындары -кеңістікті бағдарлау Дидактикалық ойын: «пішініне қарай орналастыр» | Жолақтар ұзын – қысқа геометриялық пішіндер. |
| | Қараша айы Көңілді қояндар. | Саны жағынан тең және тең емес заттарды екі топқа бөліп салыстыру. «Тең » сөзінің мағынасын ұғындырып «сонша, неше?» сөздерін қолдану | Көңілді қояндар ортада -екі топқа бөлініп салыстыру -«тең», «сонша», «неше?»ұғымдарын түсіндіру Дидактикалық ойын: «Қайсысы көп,қайсысы аз?» | Қоян және қос қоржын сәбіздер салынған себет |
| | Көкіністер | Пішіні мен көлемі бойынша екі затты салыстыру әдістерімен таныстыруды | Көкөніс жинасу -пішіні мен көлемі | Көкөністер суреттері, |

| | | | | |
|--|--|--|--|---|
| | | нақтылау. Бірдей заттарды түсіне қарай топтастыра білу дағдыларын жетілдіру. | -екі затты салыстыру. -түсіне қарай топтастыру Дидактикалық ойын: «Ұзын-қысқа» | муляждары,себет |
| | Желтоқсан айы Менің добым. | 2 санымен танысу. 2 санның пайда болу жолын түсіндіру. 2 көлеміндей заттарды санауға үйрету, екі топтағы заттарды теңестіру ретімен санауды үйрету. Сопақша пішінімен танысуды жалғастыру | Доптың домалап ортаға келуі -2 санымен танысу. -2 санының пайда болу жолы -сопақшамен танысу -заттарды теңестіру Дидактикалық ойын: «Доп беру» | 2 саны мен сопақша пішіндер, доптар. |
| | ұлттық бұйымдар. | Балаларға ұлттық бұйымдармен таныстыра отырып ,заттың биіктігі бойынша ретімен қою және ұлттық бұйымды танып, қастерлеуге тәрбиелеу. | «Тілдерді үйрету» бөлмесіне саяхат -киіз үймен танысу -ұлттық бұйымдар -биіктігіне байланысты орналастыру | Кебеже сандық пішіндер |
| | Қаңтар айы Сәлем, қызықты қыс мезгілі! | Түстері әртүрлі заттарды түстеріне сәйкес топтастыру. Заттардың ішінен 2 затты санап бөліп алу. Заттарды теңестіре білу.Үшбұрышпен танысып, сопақшаны бекіту. | -Қыс мезгілі суретпен жұмыс әңгімелеу -карточкамен жұмыс: 2 саны Сұрақ-жауап Дидактикалық ойын: «Тыңда және сана» | Жолдар, шыршалар, аңдар, жаңғақ |
| | Ақ тиінде қонақта. | Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып екі затты ені бойынша салыстыру нәтижелерін «кең –жіңішке», « ені бірдей» сөздерін қолданып білуді үйрету. «Таң-кеш, күн-түн» яғни қарама-қарсы тәулік бөліктерін анықтай білу дағдыларын жетілдіру. | -Саяхатқа дайындық: Отарбамен (жіңішке жол) Машимен(кең жол) -Тиіндер жайлы мультсериал (олардың тіршілік ортасы) -тиіндер үйінде (тұтынатын заттарын салыстыру) Дидактикалық ойын: «Қарама-қарсы сөздер» | «Чип және Дейл» мультсериалы. Тиіндердің орамалдары, ас ішетін ыдыстары,жататын төсектері |
| | А қ п а н айы Менің сүйкімді достарым! | Заттар мен сандардың жиынтығын аралық сәйкестігін ұғындыру. Кеңестіктегі қимылдарды /алға-артқа,оңға-солға/ айыра білуге және атауға | «Ойыншықтар әлеміне саяхат» -алға-артқа салыстыру -оң-сол айыра білу Дидактикалық ойын: | Ит,қораз,тышқан, балық,мысық үлестірмелі сандар |

| | | | | |
|----------------------------------|--|--|--|---------------|
| | | машықтандыру. Геометриялық кескіндерді пысықтау. | «Өз орнына орналастыр» | мен пішіндер. |
| «Мамандықтың бәрі жақсы» | 4 санының пайда болу жолымен таныстыру. Санмен заттардың арасындағы сәйкестігін келтіруге, яғни теңестіре білуді үйретуді жалғастыру. Геометриялық пішіндерді бекіту: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тік төртбұрыш, сопақша. «Жоғары-төмен, кең-тар» түсініктерімен таныстыру. Уақыт бөліктерін бекіту. | Сиқыршы қонақта: Сиқыршымен ортада пайда болған 4-саны. 4-санымен танысу, құрамын анықтау/суреттер арқылы/көрсету. Дидактикалық ойын: «сандарды таны» | «Қала көшесі» суреттері, жолдар машиналар. | |
| Наурыз айы. Ару көктем. | Балаларға «қанша болса сонша; теңбе-тең» сөздерін түсінуге және сөйлеу барысында қолдануға үйрету. 4-ке дейінгі сандық белгілерді бекіту. заттарды салыстыру және шартты өлшеу арқылы /жіппен/өлшеу; ойында геометриялық пішіндерді бекіту; тік төртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, дөңгелек, сопақша; уақыт бөліктерін бекіту. | Ғажайып сәт: «Көктем қаншайымы» қонаққа келуі. -геометриялық пішіндер -уақыт бөлігіне тоқталу /сұрақ-жауап, көрсету/ Дидактикалық ойын: «Пішіндерді ата» | Бубен. Сандар, жапырақтар, жолдар, таяқшалар. | |
| «Жыл мезгіліне қонаққа» | «Бір-бірден көп», « бірде-біреуі жоқ» сөздерін түсінуге және сөйлеу барысында қолдануды, «көп-біреу» сөздерін зат есімдермен сабақтастыруды үйрету; 4-ке дейін санауды үйрету; жыл мезгілдерінің жүйелілігімен таныстыруды жалғастыру | Ғажайып сәт: «Көктем ханшайымы» қонақта -екі топқа бөлініп салыстыру «көп»-«біреу» салыстыру Дидактикалық ойын: «Бір жіпке көп моншақ жинау» | Плакаттар, таяқшала р, тест-карточкалары. | |
| Сәуір айы. «Ойыншықпен ойнаймыз» | Геометриялық пішіндерге ұқсас топтан ойыншықтарды тауып, санын 4 санымен сәйкестендіру. «Жуан-жіңішке», «ауыр-жеңіл» ұғымдарын қарама-қарсы мағынада түсіндіру. | Ойыншықтар орталығына бару -жуан-жіңішке -ауыр-жеңіл ойыншықтарды салыстыру Дидактикалық ойын: «Сандарды таны» | Сандық белгілер, Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер | |
| «Қызыл, жасыл, көбелек | 5-ке дейінгі сандық белгілерді бекіту. «анда қанша болса, мұнда сонша» сөзін сөйлеу | Ғажайып сәт: Көбелектің қонаққа келуі | Жәндіктердің бейнесіндегі | |

| | | | |
|----------------------------------|---|---|--|
| Бaqшaмaзғa кeлe кeт» | бapыcындa қoлдaнуды үйрeтy.Шapтты өлшeу apқылы/лeнтaмeн/ зaттapды салыстыруды жалғастыру. Кеңістік қатынастарын атау; оңға-солға. | -түстepдi ажырату /сұрақ-жауап,көрсету/ -оң-солды айыра білу Дидaктикaлық ойын: «Түстepдi ата» | құралдар, 5-кe дeйiнгi сандар, көбeлeктep. |
| M a м ы p айы. «Auлa көpкi гүл » | «Mұндa қaншa бoлca,aндa дa сoншa» сөздepiн жауаптарда қолдану. 5-кe дeйiнгi сандық бeлгiлepдi бeкiтy. «Кeң-тap, жуан-жiңiшкe, ұзын-қысқа» сөздepiн ажырата білуге үйрeтy; гeомeтpиялық пiшiндepдi қайталау. | Пiшiндep eлiнe саяхат -кeң-тap,жуан-жiңiшкe, ұзын-қысқа» /түсiндiру,көрсету,сұрақ-жауап/ Дидaктикaлық ойын: «түстepдi ата» | Жұлдызшалар, гүлдep, сандар,әр түрлi көлeмдeгi пiшiндep. |
| «Бiз спортпен дoспыз !» | 1-дeн 5-кe дeйiнгi сандарды қайталау. -5 санының құрылымен қайталап таныстыру. -зaттapды ретi бoйыншa үлкeнiнeн кiшiсiнe, кiшiсiнeн үлкeнiнe қарай орналастыруды айыра білуге үйрeтy. -гeомeтpиялық кeскiндepдi, -кeңeстiктeгi қимылды айыра білудi үйрeтудi жалғастыру | Тaпқырлар отауы -1-дeн 5-кe дeйiнгi сандарды -тyрa сaнaу -салыстыру -кeңeстiктi айыра білу Дидaктикaлық ойын: «сандарды орналастыр» | Cпopттық ойын құралдары. |